

**Жақсы аудандық мәслихатының "Жақсы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға тәртібін және мөлшерлерін белгілеу туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы № 5BC- 31-1 шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2017 жылғы 11 мамырдағы № 6C-14-5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 13 маусымда № 5998 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 11 желтоқсандағы № 8C-15-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жақсы аудандық мәслихатының 11.12.2023 № 8C-15-3 (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" 2002 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабына сәйкес, Жақсы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жақсы аудандық мәслихатының "Жақсы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға тәртібін және мөлшерлерін белгілеу туралы" 2014 жылғы 22 қазандағы №5BC-31-1 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4446 болып тіркелген, 2014 жылы 17 қарашада аудандық "Жақсы жаршысы" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда баяндалсын:

"Жақсы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу тәртібін және мөлшерін айқындау туралы";

1-тармақтың 1-абзацы жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. Жақсы ауданында мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өтеу тәртібі айқындалсын:";

2-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"2. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу мөлшері ай сайын әр балаға үш айлық есептік көрсеткіш болып айқындалсын."

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жақсы аудандық мәслихатының  
сессия төрағасы*

*Қ.Құсайынов*

*Жақсы аудандық  
мәслихатының хатшысы*

*Б.Жанәділов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*Жақсы ауданының әкімі*

*Қ.Сүйіндіков*

**2017 жыл "11" 05**